



«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
орталығы» РМҚК

Директоры

Р. Емелбаев

2023 ж.

Тест спецификациясы

1. Тест тақырыбы: «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы бойынша мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын сертификаттау үшін арналған.

2. Мақсаты: Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының басшыларын сертификаттаудан өткізу үшін құрастырылған.

3. Міндеттері: Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының басшыларын сертификаттау деңгейінің талаптарына сәйкестігін анықтау.

4. Тест мазмұны: Тестке келесі нормативтік құқықтық актілер негізінде құрастырылған тапсырмалар енгізілген:

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	01	Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі. Білім беру жүйесін басқару
		02	Білім беру мазмұны және білім беру қызметін ұйымдастыру
02	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары	03	Жалпы ережелер. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш білім беру мазмұнына қойылатын талаптар. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар
		04	Жалпы ережелер. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, негізгі орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар

		05	Жалпы ережелер. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жалпы орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар
03	Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары. Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары	06	Жалпы ережелер. Білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі
		07	Оқыту бейіні бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Халықаралық мектеп қызметінің үлгілік қағидалары. Интернаттық білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Біріктірілген білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары
		08	Жалпы ережелер. Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі

5. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы: білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидағары, білім беру жүйесін басқару, білім беру жүйесінің түсінігі, міндеттері мен деңгейлері, білім беру мазмұны: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары, мамандандырылған жалпы білім беретін орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары, арнайы оқу бағдарламалары, білім беру бағдарламалары; білім беру қызметін ұйымдастыру.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар; білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар; білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар; оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай негізгі орта білім беру мазмұны және мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар; білім алушылардың оқу жүктемесінің көлемі; білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар және оқытудан күтілетін нәтижелер; оқу мерзімі.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сай оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар; жалпы орта білім беру мазмұнында базалық құндылықтар; жалпы орта білім берудің негізгі міндеттері; үштілді білім беру; білім алушылардың оқу жүктемесі; негізгі орта білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар, негізгі орта білім алушылардың оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің құқықтық негіздері, міндеттері, білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі. Оқыту бейіні бойынша білім беру ұйымдарының негізгі түрлері. Гимназия, лицей, бейіндік мектептің негізгі мақсаттары мен міндеттері. Оқушыларды қабылдау, сыныптан-сыныпқа көшіру, оқудан шығару ережелері. Бейіндік мектепте оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау. Бейіндік мектептердегі басқару органдары. Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша

ұйымдарының негізгі түрлері және қызметтерінің ұйымдастырылу тәртібі. Шағын жинақты мектептер (бұдан әрі –ШЖМ) негізгі мақсаттары мен міндеттері.

Түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін мектептері қызметінің үлгілік қағидалары. Кешкі мектептері қызметінің үлгілік қағидалары мен қызметін ұйымдастыру. Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған білім беру ұйымы қызметінің сипаты.

Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымы: қызметінің құқықтық негіздері және ұйымдастырылуы.

Халықаралық мектеп қызметі.

Интернаттық білім беру ұйымдарының түрлері мен қызметінің қағидалары. Интернаттық білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесі. Интернаттық білім беру ұйымдарының негізгі қызметі. Біріктірілген білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.

Мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлердің мақсаты және қызметі. Қосымша білім беретін мектеп-орталық (Орталық) қызметінің мақсаты мен міндеттері. Мектептер-интернаттар-колледждер қызметінің үлгілік қағидалары.

Оқу-сауықтыру орталықтары: мақсаты, міндеттері және қызметін ұйымдастыру. Оқу-өндірістік комбинатының қызметін ұйымдастыру.

Оқу-тәрбиелік орталығы қызметінің мақсаты мен міндеті. Оқу орталықтарының қызметінің қағидалары. Дарынды балаларды анықтау және қолдау орталықтары қызметінің үлгілік қағидалары.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарының мақсаты мен міндеті. Мамандандырылған білім беру ұйымдарын қаржыландыру.

6. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 26 %; орташа деңгейде (В) – 60 %; жоғары деңгейде (С) – 14 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, тестіленушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

7. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

8. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты: бір тест тапсырмасын орындаудың ықтимал уақыты – 1,5-2 минут.

9. Бағалау: Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

10. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

3. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша.

4. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 3-қосымша.

5. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 4-қосымша.

6. Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелді.

7. Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 2-қосымша.


8. Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 5-қосымша.

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрлігінің

Орта білім беру комитеті


(қолы)

(Т.А.Ә)

«___» _____ 2023 ж.

